

**"Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Ұлттық талдамалық орталық"  
акционерлік қоғамының кейбір мәселелері туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 14 желтоқсандағы № 1358 Қаулыс

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесімен бірлесіп, заңнамада белгіленген тәртіппен «Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Ұлттық талдамалық орталық» акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Қоғам) акцияларының мемлекеттік пакетін «Назарбаев Университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамның (бұдан әрі - Университет) жарғылық капиталын төлеуге беруді  
қ а м т а м а с ы з е т с і н .

2. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесі:  
Университетпен бірлесіп, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Қоғамды қайта атауды қамтамасыз етсін;  
осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

3. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне  
енгізілетін өзгерістер бекітілсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

*К. Мәсімов*

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 0 ж ы л ғ ы 1 4 ж е л т о қ с а н д а ғ ы

№ 1 3 5 8 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне  
енгізілетін өзгерістер**

1. «Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне мемлекеттік меншіктің түрлері және ұйымдарға қатысудың мемлекеттік үлестері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 12 сәуірдегі № 405 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1999 ж., № 13,124-құжат):  
көрсетілген қаулымен бекітілген Акцияларының мемлекеттік пакеттері мен үлестері республикалық меншікке жатқызылған акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктердің тізбесінде:

«Астана қаласы» деген бөлімде:  
реттік нөмірі 21-96-жол алынып тасталсын.

2. «Республикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері мен мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы № 659 қаулысында:

көрсетілген қаулыға қосымша да:  
«Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі» деген бөлімдегі реттік нөмірі 304-жол алынып тасталсын.

3. «Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңесінің мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 қыркүйектегі № 993 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2002 ж., № 29, 327-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңесінің қарауындағы ұйымдардың тізбесінде:  
реттік нөмірі 4-жол алынып тасталсын.

4. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.03.19 № 340 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**